


Қызғылт-сары кристалдар, ауада тұрақты. Бензол мен хлороформда жақсы ериді. Палладий ацетилацетонатының спирттік ерітіндісін 60-70⁰С дейін қыздырған кезде, ол металдық палладийге дейін тотықсызданады.


Алынуы [38]



Конусты колбада 1,299 г (0,0073 моль) PdCl₂ мен 2-3 мл ыстық суды араластырады. Содан соң үздіксіз араластыра отырып, 3 мл КОН ерітіндісімен (1:3) бейтараптандырылған 2 мл ацетилацетонатты қосады. Қоспаны қыздырады (50⁰С асырмай), бұл кезде ол ашық-сары түске ауысады. Сары тұнба түскеннен кейін, тағы 1,5 мл КОН ерітіндісімен (1:3) бейтараптандырылған, 1 мл ацетилацетонатты қосады және ерітіндіні қыздыру операциясын араластыра отырып қайталайды.

Сары тұнбаны сүзеді, ыстық сумен жуады және 60-70⁰С температура кезінде кептіру шкафында кептіреді. Алынған массаны ыстық бензолда ерітіп, сүзеді. Бензолдық ерітіндіні кейінгі суыту кезінде, өнім кристалдарының 1,35 г негізгі массасы түзіледі. Сүзіндіні булау арқылы қосымша 0,15 г мөлшерінде өнім алынады. Жалпы шығым 76%.

Палладий (II) ацетатын синтездеу



Қызғылт-сары кристалдар, ауада тұрақты. Хлороформда, ацетонда, ацетонитрилде және диэтил эфирінде ериді. Суда ерімейді. Палладий ацетатын спирттерде қыздырғанда, металдық палладий түзе отырып ыдырайды.